

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН010000, Астана, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_010000, Астана, Мәжіліс Парламента  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2024 жылғы 2 мамырда жарияланды

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрінің  
орынбасары  
Т. Б. Дүйсеноваға****Депутаттық сауал****Құрметті Тамара Босымбекқызы!**

Бүгінгі депутаттық сауалым әдебиетке, оның ішінде кітапқа байланысты болмақ және ПРЕЗИДЕНТТІҢ БІЗ КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ БОЛУЫМЫЗ КЕРЕК ДЕГЕН СӨЗІМЕН БАСТАМАҚПЫН! Президент: Біз, ең алдымен, жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз. Тәуелсіздік кезеңінде елімізде кітапхана ісі кенжелеп қалды. Тоқсаныншы жылдардағы аласапыран уақытта мыңдаған кітапхана жабылды. Миллиондаған кітап қорынан айырылды. Соңғы жылдары жағдайды түзеу үшін әрекет жасалып жатыр. Кітапхана – мемлекеттің, ұлттың негізгі жады. Еліміз үшін құнды тарихи деректер мен материалдардың дені кітапханада сақталады. Сондықтан кітапхана ісін дамытуға бей-жай қарауға болмайды. Кітап оқырманға қолжетімді болуы керек- деген болатын.

Егер бір адам кітап оқымаса, бұл оның өз қасіреті, ал миллиондаған адамдар оқымаса, тұтас бір ұлттың қасіреті.

Қазіргі таңда байқайтын болсақ жастар кітап оқымайды деген пікірді жиі естиміз. Оған не себеп? Себебі қазір заман талабына сай кез келген салада ақпарат алу қиынға соқпайды. Мысалы, Қазақстанның ашық кітапханасы, Әдебиет порталы сияқты көптеген ғаламтор кітапханалары бар. Бар десекте ол кәдімгі кітапханамен кітапты бәрібір алмастыра алмайды. Сонда кәдімгі кітаптың өлгеніме? Немесе заман талабы сондай ма? Осы тұста көптеген сан пікір айтылады. «Кітап-асыл қазына, білімнің кәусәр бұлағы! Барлық тіршілік атаулы дүниенің сұрақ-жауаптары кітапта екеніне қазіргі жастардың көпшілігі мойынұсынып, жауапкершілік міндетке жүгінгісі келмейді. Ол дегеніңіз өз бетінше ізденуден, зерттеушіліктен алшақтық бейнесін көрсету деп білемін. "Дайын асқа-тік қасық" дегендей түрлі гаджеттер арқылы материал көшірмесін ала салады, дайын жеңілді жақсы көреді, ол дегенің ойлау қабілетінің төмендеуіне жалқаулыққа әкеліп соғады! Кемінде ай сайын бір

жеңіл-желпі шығарманы оқып үйренуге әдеттенген адам-ең бай адам! Кітапханалардағы кітап қорында көптеген дүние бар, соны алып оқитындар қатары өкінішке орай, тым аз! Жаһандық даму белгісіндегі түрлі желімен байланысамыз да, өзіндік шығармашылық іздері-соның көлеңкесінде қалып жатыр! Кітаппен дос болу- өмір қажеттілігі!

Расында кітапты оқымағанан кейін көптеген жастардың сөз қоры аз, сөйлеу мәнері төмен. «Қазіргі кезде кітап оқымайтын басты себеп: ол әлеуметтік желілер. Яғни жастардың уақыт үнемдегісі келеді, осы тұста кітапты оқитын жастар өте аз. Әлеуметтік статистка бойынша әлеуметтік желіге кететін орташа уақыт- кітап оқуға арналған болса, бір адам жылына 200-250 кітап оқи алады екен. Менде уақыт жоқ деген жәй сылтау ғана, Менде әлеуметтік желіден тыс уақыт жоқ деген дұрысырақ.

Психолог мамандарының пікірінше қазіргі жастар бұрынғы кезбен салыстыруға келмейді деген ойда, себебі олардың ойлау қабілеті заман талабына сай болып келеді. Бірақ осы дұрыс па немесе бұрыс па. Қазіргі жастар кітап аз оқиды деген пікір көп, бірақ жастар деген де біз қандай көлемде алып тұрмыз? Мысалға алатын болсақ көп жағдайда ауылдың баласының сауаты, ойлау қабілеті, сөз қоры, күнделікті қалада тұратын жастардан әлде қайда кеңірек.

Тағы айтып кететін мәселе ол шетелде, мысалы қызықты кітапты оқу үшін міндетті түрде сатып алудың қажеті жоқ, керісінше кітапханаға барып оқыса болады. Әрине бізде кітапханалар бар, дегенмен оның ауқымы төмен, ал төлем бағасы тым қымбат . Әрине осындай дүниелерді салыстырып отыратын болсақ интернеттен оқыған абзал деген ой туындайды .

Және де біз кітаптың құнын түсірмеуіміз керек. Екіншісі бірі ата бабасы жайлы кітап жазып, кітап ішінде мәңгі, мағынасыз жалаң сөздер болса кім оқиды? Өмірлік тағдырында елге үлгі қылар дүниелер болса, оның жөні бөлек. Мектеп оқулықтарын алсақ, ол да сын көтермейтін халде. Оны айтар болсақ уақыт жетпес, өздеріңіз де түсінген боларсыздар. Ғалымдардың еңбегін екшеп тасқа басар қорымыз көп және мағыналы деп айту да қиын.

Кешегі күні телеарна журналистері көше есімдері берілген тұлғаларды біледі ме екен деген мақсатпен арнайы эксперимент жасаған екен. Сонда өз азаматтарымыздан Ш. Уәлиханов кім болған десе, ұшқыш болған деген жауап алған жас азаматтарымыздан. Қ. Сәтпаевтың кім екенін білмейтін жастарымыз өсіп келе жатыр. Бұл дабыл қағатын жәйт. Осының бәрі кітапқа деген махаббаттың, құмарлықтың, оны оқымаудың салдары. Мәдениетке мән бермеген бала, дүниеге құмар болып өседі. Өз кезегінде ол мемлекет қаржысын қалтама бассам деген маман болып шыға келетіні сөзсіз. Себебі, ой сана жоқ. Міне, мәселе қайда жатыр. Ал кітапты жиі оқитын азаматтың санасы салмақты, парасат пайымы кең, Отанына опасыздық жасауға ары бармайтын, әр істі он ойлана сабырмен шешетін маман да басшы да бола біледі. Бұл да шындық.

Бүгінгі жастардың психологиясы бұрынғыдан мүлдем өзгеше. Адамның материалдық жағдайды ойлауы бірінші орынға шығып, оның рухани байлықты игеруге деген ынтасы кеміді. Бұрын ХХ ғасырда жастар кітапты

қолдан-қолға тигізбей оқыған болса, ХХІ ғасыр жастарының классик жазушылардың кітаптарынан тәрбиелік және рухани байлықты алу жағы кемшін. Сондықтан, қазіргі жастарды кітап оқуға баулу керек деп ойлай-мын. Ол отбасында, мектепте, жоғары оқу орындарында үрдіске айналуы керек. Мәдениетті адам болуы үшін бір-неше тілді игеру әрі рухани байлық кітапты дәстүрлі оқи алатындай болуы керек». Бүгінгі күні «Ауыл» партиясы 18 мыңнан аса кітап қорын жинақтап, оны ауылдық кітапханаларға жеткізбекші. Бұл партия тарапынан жасалып жатқан қадамдардың бірі. Алдағы уақытта бұл саланы жетілдіру үшін басқа да ауқымды шараларды қолға алу қажет. Жастардың шығармашылықпен айналысып, білімін ұштауына толық мүмкіндік берілуі қажет. Облыс әкімдері осы жақсы тәжірибені жалғастыруы керек. Және де түрлі іс-шаралар ұйымдастырып, арнайы жәрмеңкелер өткізу қажет. Шын мәнінде, озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу. Сондықтан кітап оқу мәдениетін қоғамда барынша орнықтыруымыз керек.

Менің ойымша келешекте жас ұрпақты тәрбиелейтін ол кітап. Сондықтан керек емес нәрселерге еріп, кітаптың қадірін түсірмейік. Елдің ертеңі жастар десек, сол ертеңіміз ел тізгігін ұстағанда еркін ойлай алатын, халқын адастырмай тура жолға бағыттай алатын, сөйлесе сөзі салмақты, халқына шынымен ардақты азаматтар көп болсын десек, осы бастан сапалы білім, оның ішінде қазақша кітап мәселесін мықтап қолға лайық дегім келеді.

Жоғарыда айтылғандарға орай ұсынамын:

1. Оқу орындарында мемлекеттік деңгейде кітап оқуға қызығушылықты арттыруға арналған арнайы бағдарлама жасау.
2. Елімізде мемлекеттік деңгейде арнайы Кітап күнін белгілеу.
3. Кітапханашылар мәртебесін арттырып түрлі іс-шараларды ұйымдастыру және мектеп, колледж, университеттерде кітап оқу мәдениетін қамтамасыз ету қажет.

*Құрметпен,*

**«Ауыл» партиясының фракция депутаттары:**

**Т. Серіков  
А. Баққожаев  
Н. Арсютин  
Қ. Әбден  
Ж. Дайрабаев  
С. Егізбаев  
А. Зейнуллин  
Е. Саурықов**

**«AMANAT» партиясының фракция депутаттары:**

**А. Аймағамбетов  
Е. Әбдиев  
Ж. Әшімжанов  
Е. Бейсенбаев  
Қ. Бексултанов  
Р. Зайтов**

**А. Мысырәлімова  
Г. Нұрымова  
Е. Саиров  
Н. Сәрсенғалиев  
Ж. Сүлейменова**

**«Respublika» партиясының фракция депутаты: Н. Тау**

**«Қазақстан Халық Партиясы»  
партиясының фракция депутаты:**

**Г. Танашева**

**«Жалпыұлттық социал-демократиялық  
партиясының фракция депутаттары:**



**Н. Әуесбаев  
А. Сағандықова**

**«Ақ жол» партиясының фракция депутаты:**

**Қ. Иса**

**Жеке мандатты Депутаттары:**

**Д. Мұқаев  
А. Назаров**

 *Аубакиров Н.К.*  
 74-67-54